

Е. Е. Тілешов

ДӘУІРДІҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН КЕЗЕҢДЕРГЕ БӨЛУ МӘСЕЛЕСІ

Сөз өнерін зерделеу негізгі екі бағытта, яғни, көркем шығарманы талдау және әдеби дамуды зерттеу бағыттары бойынша жүргізілетіні белгілі. Әдеби эволюцияны танып-білудегі маңызды мәселелердің бірі – әдебиет тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі екендігі белгілі. Әдебиет тарихын дәуірлеу – белгілі бір уақыт шегінде дүниеге келген әдеби – көркем құбылыстардың ортақ ерекшеліктерін саралап, жүйелеу деген сөз. Мұндай әдеби-көркем құбылыстарды жүйелеу үшін соған сәйкес, оларды анықтаудың критерилері керек. Бұл критерилер әдеби үдеріс барысында міндетті түрде жүйекұраушы көркем компоненттердің жиынтығына негізделген абзал. Жүйекұраушы көркем компоненттер әдеби үдерістің өрістеу сипаты мен даму табиғатын таныта келе, сол кезең үшін әрі жаңалықты, әрі өнімді, әрі тұрақты болғаны да жөн. Бұл көркем компоненттер сол әдеби дәуірдің басты даму тенденцияларын айқындайды. Яғни, осы компоненттер сол әдеби дәуірдің әдебиетін дамытушы ерекшеліктер болуы тиісті. Бұл тенденциялар осы дәуірдің алдыңғы дәуірден айырмасын жасайтындай ерекшеліктердің әдеби-көркем жиынтығы болады. Мұндай тенденциялар, әдетте, дәуірдің жаңашыл, жетекші қаламгерлері шығармаларында туып қалыптасады. Сондықтан да әдебиет тарихын кезеңдерге бөлгенде сол тұтас әдеби кезеңнің басы болған дәуірлік ақын-жазушылардың шығармаларындағы жаңашылдық қырларын тануға, ашуға мүдделі болуымыз керек. Мұндай дәуірлік суреткерлердің шығармашылығында жаңа заманның поэтикасы сонымен бірге өткеннің қорытылған дәстүрлері де көрініп тұрмақ. Мәселен, XV-XVIII ғасырлардағы классикалық жыраулар поэзиясынан кейінгі Дулат Бабатайұлы өнернамасы, ауызша авторлық поэзиядан кейінгі Абай поэзиясы, ағартушылық кезеңнен кейінгі Мағжан Жұмабаев романтизмі мен Мұхтар Әуезов реализмі. Осы дәуірлік суреткерлердің қай қайсысы да жаңа кезеңнің жолбасшы тұлғалары, сонымен бірге өздеріне дейінгі сан ғасырлық әдеби-көркем тәжірибенің, былайша айтқанда, даңғыл дәстүрдің ең дарынды мирасқорлары. Сондықтан бұлардың шығармашылығы ұлттық әдебиетіміздің белестері мен асулары. Сол себепті де Абайға қарата

М.Әуезов: «Абай бүкіл XIX ғасыр әдебиетінің ең үлкен тұрғысы болып саналады. Көп жағынан қарағанда, сол XIX ғасырдың барлық ұзын бойында ілгеріде туып-өсіп, жәйіліп келген әдебиет үлгілерінің барлығы өздерінің үлкен, ұлы қорытындысын Абайдан кеп табады» десе /1, 314/, С.Қожанұлы: «М.Жұмабайұлының өлеңдері әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз» деп /2, 365/ жаза отырып, Мағжанның шығармашылығы тұтас дәуірді сипаттай алатындығына меңзеу жасайды. Осындай дәуірлік суреткерлер әдеби кезеңнің басты тұлғаларына айналып, өздерінің шығармашылығы арқылы жаңа дәуірді жасайды. Осы қуат, осы серпін жаңа дәуірдің әдеби дамуын белгілейді. Өйткені дәуірлік ірі суреткерлердің қай қайсысы да қоғамның жүрек соғысын, қан қысымын тамыршыдай алабөтен сезінеді, ерекше ұғынады. Дәуірдің ой-аңсарын тану оларға танымы терең, айтары зор туындылар жазғызады.

Ұлттың өмірді тану, айналадағы қоғамдық құбылыстарды бағалау түсінігі әрқашан қордалану, жинақталу үстінде болмақ. Бұл көркемөнер түрлерінің ішінде ең алдымен әдеби шығармалардан көрініс табады. Өлгіндей рухани-философиялық түсініктердің жиынтығы, атап айтқанда, әлеуметтің өмір мен қоғам жөніндегі ой-түсініктері бірте-бірте сол кезеңнің шығармаларында бейнеленеді. Яғни, қаламгерлерге ең алдымен өз дәуірінің рухани-философиялық қоғамдық-әлеуметтік ойлары ықпал етпек. Сондықтан мұндай ойлар кезеңнің ағымдағы әдеби үдерісіне де әсер жасайды. Оны *дәуірдің рухы, рухани келбеті* деген ұғымдармен белгілейік. Осы дәуірдің рухы көркем шығарманың тақырыптық-идеялық бағдарын айқындайды. Ал, тақырып пен идея, яғни не жөнінде айту және оны қалай айту қандай жолмен айтуды, яғни шығарманың формасын анықтайды. Шығарманың осы формалық қалыбына оның жанры, стилі, композициясы енеді. Әр кезеңнің рухани-философиялық түсінігі белгілі бір уақыт ауқымында өзінше, жеке бір әдеби дәуір түзуге ең басты ықпал жасайды. Дәуірдің алмасуы әдебиетті қашан да жаңа ізденістерге апарып, сонысымен ілгерілетіп оған жаңа идея, жаңа форма дарыта бермек. Осыларды қаперге

ала отырып, әрбір кезеңнің әлгіндей рухани-философиялық түсінігін, өз сөзімізбен айтсақ дәуірдің рухын тану арқылы біз сөз өнерінің даму арналарының жете һәм терең түсіне алмақпыз. Мәселен, жыраулар поэзиясы тұсындағы дәуірдің рухы – елдік – жауынгерлік рух, зар заман әдебиеті тұсында – отаршылдыққа қарсылықты рух, Абай тұсында – сана рухы, Алаш тұсында – еркіндік рухы, кеңістік заманда – коммунистік рух. Бұл жалпы түсінік, шолғыншы ұғым. Осы ұғым-түсініктердің әр қайсысы жеке-жеке талданып, осындай замана рухын әдебиет кескініне айналдырған себептер мен сол рухтан туған кезеңнің сипатын ашу керек болады.

Әдеби дәуірдің өзара алмасуы дегеніміз, түптеп келгенде көркемдік жүйелердің ауысуы. Сондықтан біз әдебиет тарихын дәуірлегенде осы көркемдік жүйелердің құпиясын ашуымыз қажет. Ең алдымен көркемдік жүйеге қандай компоненттер енеді деген мәселені шешіп алу қажет болады. Көркемдік жүйе жөнінде айтқанда жүйе құраушы компоненттерді айқындар алу қажет. Біздің ойымызша, жүйе құраушы компоненттерге: дәуірдің рухани-философиялық таным-түсінігі, содан өрістейтін әдеби-көркем тенденциялар, сонымен бірге дәуірдің моральдік-этикалық климаты, басты әдеби кейіпкерлер жүйесі, әдеби тілдің сол дәуірдегі басты ерекшеліктері, жанрлар жүйесі, шығарма композициясы, көркем стиль сияқты ерекшеліктер жатады.

Әдеби-тарихи дәуірді қалыптастыратын жүйе құраушы компоненттердің бастысы, біздің түсінуімізше, ілгеріде айтылған дәуірдің рухани-философиялық танымы, дәуірдің рухы. Дәуірді нөсі бір рухы жалпы қоғамдық сананың, оның бір бөлшегі болып табылатын әдеби-көркем сананың ұйытқысы болмақ. Сондықтан, біз дәуірлеу мәселесінде дәуірдің рухын жасайтын философиялық-танымдық концепциялардың табиғатын барлауымыз қажет. Дәуірдің рухында сол заманның рухани-философиялық, тарихи танымы жатады. Осы таным ағымдағы әдеби үдерісті қалыптастырады. Себебі, сол дәуірде өмір сүрген кез келген қаламгер сол рухты сезінеді, дәуірдің рухани-философиялық мәселелері оны *шығармашылық тебіреніске* түсіреді. Шығармашылық тебіреніс – қандай да болмасын шығармашылықтың бастауы, қаламгерді белсенді шығармашылық әрекетіне бастайтын қайнары. Дәуірдің рухын ең алдымен сезінетін өнер адамдары, оның ішінде, әсіресе, сөз өнері иелері. Өнердің, әдебиеттің болмысында заманның райын жедел сезінетін, оған

бірден реакция жасайтын, сөйтіп қалам иесін шығармашылық тебіреніске түсіретін қасиеттің бар екендігі жөнінде ғылымда айтылып келеді. Мәселен, орыстың философы М.С.Каган өнер: «дискурсивті емес, интуитивті таным болғандықтан ол көптеген материалдарды талдау мен жинақтауға құрылған ғылыми-теориялық ойлаудың қашанда алдында тұрады» – дейді /3, 396/. Өйткені суреткер адамға, қоғамға, әлеуметке бей-жай емес, жанашыр жүрекпен, адами тілекпен қарайды. Ол қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың құпиясына, адамның пейіл-тілегіне, олардың қатпарлы тылсымдарына, сыр тұнған қойнауларына үңіледі. Сондай-ақ өткенді таразылайды, келешекке ой тастайды. Осыдан барып, суреткердің алғыр ойы, терең пікірі кеше-бүгін-ертең араларына көпір салып, жаратылыстың, заманның рухани дидарын сомдайды. Қоғам рухының ең алдымен сөз өнері иелері арқылы сезілуі, жарыққа шығуының көрнекті мысалдары қазақ әдебиетінің тарихында да баршылық. Мәселен, XVIII ғасырда туған болжалдық өлеңдер жөнінде айтсақ та жеткілікті.

Әдебиет тарихын толық тануда, оның дәуірлерін межелеуде замана рухы немесе дәуір рухы категориясының ерекше маңызды екендігіне ең алдымен адамның әлеуметтік болмаса қоғамдық типі ғана емес, сонымен бірге ой-санасы арқылы өзін қоршаған орта жөнінде түсінік жинақтаушы, қозғаушы күш – белгілі идея арқылы әрекет етуші тұлға ретінде қарайтын болсақ, онда адам, жай ғана адам емес, шығармашылық иесі сол қоғамның басты рухани танымын іске асырушы болып табылады. Сондықтан, бұл тұста біз қаламгердің қоғамдық ойларды безбендеуші, қорытушы рөліне ерекше мән беруіміз керек. Әдеби дәуір – белгілі бір шығармалардың жиытығы десек, онда осы көркем дүниелерді тудырған қаламгер болмысы оның философиялық аңсары, рухани танымы мәселесі, әсте шет қалмауы тиіс. Бір дәуірдің ауқымында өмір сүрген қаламгерлердің шығармашылығының басын қосатын ортақ желі – олардың заманының ортақтығы ғана емес, ең бастысы – дәуірдің ортақ рухында жатыр. Ал олардың өзіндік ерекшелігіне келсек, ең бастысы – дәуірдің ортақ рухында жатыр. Ал олардың өзіндік ерекшелігіне келсек, онда дәуірдің ортақ рухын олардың дербес түсінуімен, оны қалай қабылдағанымен, қабылдай отырып, қалайша бейнеленгенімен ұғындырылады. Сол себепті, дәуірдің рухы, осы рух қазанында қайнап жатқан рухани-философиялықтаным қырлары – сол дәуірде өмір сүрген

ақын-жазушылардың м шығармашылық бағытын, суреткерлік бетін айқындайды. Ал ерекшелікке келсек, онда әрбір жазушының өмірді, дәуір шындығын өзінше қабылдауымен байланысты екендігін және бір атап өтпекпіз. Осы ойлардан өріс ала отырып, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде біз әрбір дәуірдің рухани-

философиялық танымын, яғни замананың рухын тануды басты мақсат еткеніміз абзал.

1. Әуезов М. Шығ. Елу том. Толық жин. 2 том. Алматы: Ғылым, 1998.

2. Қожанұлы С. Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз // М.Жұмабаев Шығармалар. 2-3 том. Алматы: Білім, 1996.